Бекітемін:
№ 19 «Ай Пери» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
А.И. Хожамуратова

## «Бір шаңырақ астында.»




«Шагала» ортаңғы топ

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші: Жунусбаева.Гаухар

Scanned by TapScanner

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Тобы:** „Шағала" ортаңғы топ.

**Білім аумағы:** Коммуникация, Шығармашылық,Таным.

**Білім бөлімі:** Сөйлеуді дамыту, Сурет салу, Құрастыру, Қоршаған ортамен таныстыру, Көркем әдебиет, Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.

**Өтілетін күні:** 19.11.2021

**Тақырыбы:** Бір шаңырақ астында.

**Мақсаты:** Ертегі кейіпкерлері өз ойын айта білуге дағдыландыру. Жәндіктерді туралы білімін кеңейту.Түстерді, қарапайым математикалық ұғымдарды ажырата білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Өз ойларын толық, жүйелі жеткізуді қалыптастыру,дауыс және артикуляциялық аппаратын дамыту.

**Міндеті:** Әр түрлі ойындар арқылы жыл бойы алған білімдерін тиянақтау.Дәстүрден тыс сурет салуға қызығушылығын арттыра отырып, көркемдік қабілетін дамыту.

**Көрнекіліктер:** Слайдтар,таратпа құралдар, суреттер, күн, ара, гүлдің үлгілері,сорғыш, түрлі-түсті бояулар,сүрткіш.

**Блингвалдық компоненттері:** Күн-солнце, ара-шмель, көбелек-бабочка, гүл-цветок

**Инклюзивтік әлеумет:** Нұрәліге түстерді ажырата білуге көмектесу.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық кезең | **Тілек шеңбері**<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал қанекей бәріміз<br>«Сәлем» дейік үлкенге!<br><br>Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын кең ашқан,<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан,<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәрімізде біргеміз! | Қонақтармен сәлемдесіп,тілек шеңберінде тұрып барлығы бірге өлең шумақтарын айтады. |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы – ізденушілік | Слайдтан көктем мезгілінің суретін көрсету, сұрақтар қою.<br>Балалар суреттен қай мезгілді көріп тұрсыңдар?<br>-Көктемде ауа райы қандай болады?<br>-Көктем айларын атап беріңдерші?<br>-Орыс тілінде айларды атап беріңдер?<br>-Жарайсыңдар, ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал сендер шешуін табыңдар?<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>Слайдтан күннің суретін көрсету.<br>Ғажайып сәт. Күн келеді.<br>**Күн**: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар мен көктем күнімін.Өзімен бірге күлкі,қуаныш ала келдім.Мен аспанда,биікте тұратындықтан,әлемдегі бар қызықты көремін. Сендердің ақылды балалар екендеріңді естіп келдім.<br>Т: балалар сендер күн туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>-Күн сәулесі ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Күн оларға қалай көмектесті?<br>Күн:-Жарайсыңдар,олай болса менімен бірге саяхатқа жүріңдер.<br>Қол ұстасып тұрайық.<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>Біз көңілді балалар.<br>Күндей күндей жарқырап<br>Алтын күнмен шуақты,шуақты<br>Саяхатқа біз шығайық, көңілді.<br>-Ой балалар мына дыбысты естіп тұрсыңдар ма?<br>-Ол ненің дыбысы?<br>-Ара қалай дыбыстайды?<br>-Ара қандай тіршілік иелеріне жатады?<br>-Жәндіктердің тағы қандай түрлерін білесіңдер? Ертегі кейіпкері ара бізге өз ұясын таппай жүр екен. Араға көмектесеміз бе?<br>**Д\о «Ұясын тап»**<br>О\ш балалар жануарлардың ұясын тауып айтады. | Сұрақтарға жауап береді<br>-Көктем<br>-Жылы болады,құстар ұшып келеді,гүлдер өседі<br><br>-Күн.<br><br>-Сәлеметсің бе күн!<br><br>-Күн сәулесі ертегісі<br>-Ара, көбелек, гүл.<br>-Өзінің шуағын шашып, жылуын таратты.<br><br>-Араның<br>зззз<br>-жәндіктерге<br><br>-Маса ара шыбын қоңыз<br><br>-Көмектесеміз |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы – ізденушілік | Слайдтан көктем мезгілінің суретін көрсету, сұрақтар қою.<br>Балалар суреттен қай мезгілді көріп тұрсыңдар?<br>-Көктемде ауа райы қандай болады?<br>-Көктем айларын атап беріңдерші?<br>-Орыс тілінде айларды атап беріңдер?<br>-Жарайсыңдар, ал енді мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал сендер шешуін табыңдар?<br>Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>Слайдтан күннің суретін көрсету.<br>Ғажайып сәт Күн келеді.<br>**Күн**: -Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Балалар мен көктем күнімін.Өзімен бірге күлкі,қуаныш ала келдім.Мен аспанда,биікте тұратындықтан,әлемдегі бар қызықты көремін. Сендердің ақылды балалар екендеріңді естіп келдім.<br>Т: балалар сендер күн туралы қандай ертегі білесіңдер?<br>-Күн сәулесі ертегісінде қандай кейіпкерлер бар?<br>-Күн оларға қалай көмектесті?<br>Күн:-Жарайсыңдар,олай болса менімен бірге саяхатқа жүріңдер.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Біз көңілді балалар,<br>Күндей күндей жарқырап<br>Алтын күнмен шуақты,шуақты<br>Саяхатқа біз шығайық, көңілді.<br>-Ой балалар мына дыбысты естіп тұрсыңдар ма?<br>-Ол ненің дыбысы?<br>-Ара қалай дыбыстайды?<br>-Ара қандай тіршілік иелеріне жатады?<br>-Жәндіктердің тағы қандай түрлерін білесіңдер? Ертегі кейіпкері ара бізге өз ұясын таппай жүр екен. Араға көмектесеміз бе?<br>**Д\о «Ұясын тап»**<br>О\ш балалар жануарлардың ұясын тауып айтады. | Сұрақтарға жауап береді<br>-Көктем<br>-Жылы болады,құстар ұшып келеді,гүлдер өседі<br><br>-Күн.<br><br>-Сәлеметсің бе күн!<br><br>-Күн сәулесі ертегісі<br>-Ара, көбелек, гүл.<br>-Өзінің шуағын шашып, жылуын таратты.<br><br>-Араның<br>ззззз<br>-жәндіктерге<br><br>-Маса ара шыбын қоңыз<br><br>-Көмектесеміз |

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | <br>-Ара қайда мекендейді?<br>-Ал аю ше?<br>-Құстар қай жерді мекен етеді?<br>Тіл ұстарту жаттығуын жасайық.<br>Ара болсаң, ызыңда!<br>З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе тығылма!<br>Үлкен ара [ З-з-з-з]<br>Кішкентай ара [ З-з-з-з]<br>Үлкен маса [ с-с-с-с]<br>Кішкентай маса [с-с-с-с-с]<br>Үлкен қоңыз [ж-ж-ж-ж]<br>Кішкентай қоңыз [ж-ж-ж-ж]<br>-Міне балалар мына әсем гүлдерге қараңдаршы.<br>-Көктемнің қандай алғашқы гүлдерін білесіңдер ме?<br>-Жарайсыңдар.Балалар гүлдер бізге арнап ойын әзірлеп қойыпты.Кәне ойын ойнайық.<br>**Д\о «Гүл күлтесін тап»**<br><br>О\ш.Гүлдердің түстеріне қарай күлтешелерін орналастыру керек.<br>-Гүлдердің түстері қандай?<br>-Орыс тілінде түстерді ажыратып айтыңдаршы.<br>Күн: Жарайсыңдар балалар.Мен сендерге жұмбақ жасырамын,шешуін табыңдар.<br>Гүлден ұшып,гүлге қонады.<br>Гүл бақшам гүлге толады?<br>Бұл не екен?<br>-Жарайсыңдар мына көбелектерге назар аударыңдаршы.<br>-Көбелектің денесінде қандай пішіндер бар? | -Омартада<br>-Аланда<br>-Ұяда<br><br>Тіл ұстарту жаттығуын жасайды.<br><br>–Бәйшешек, қызғалдақ<br><br>Гүл түстеріне қарай күлтелерін орналастырады.<br>-Сары, қызыл,ақ<br>-Желтый, красный, белый<br><br>-Көбелек<br><br>-Домалақ |

<table>
<tr><td></td><td>-Олардың көлемі қандай?<br>-Көбелек не арқылы ұшады?<br>-Көбелектің басы нешеу?<br>-Көзі нешеу?<br>-Көбелектің қанша қанаты, аяғы бар?<br>-Көбелек нені жақсы көреді?<br>Жарайсыңдар көбелек гүлден гүлге ұшып шырынын сорады.<br>Көбелек, гүлдер туралы қандай тақпақ білесіңдер?<br>Гүлдер,гүлдер көктесін<br>Көбелектер көп келсін<br>Ақ қанатты көбелек<br>Бақшамыздан кетпесін<br><br>Көбелектер әр түрлі<br>Қызыл сары көк пен ақ<br>Жүгіріп барсаң қасына<br>Ұшып кетеді бірақ<br><br>На лесной полянке чудо<br>На цветочках бантики<br>Это бабаочки расселись<br>Как цветные фантики<br><br>Май тепло и скоро лето<br>В зелень все и вся одето<br>Словно огненный фонтан<br>Раскрывается тюльпан<br>-Жарайсыңдар.<br>Кәне ендеше көбелекпен ойын ойналық.<br>Д\о «Кім шапшаң?»<br>О/ш:Қарама қарсы ұғымдарды ажыратып айтады.<br><br>Д\о «Кейіпкерді таны»<br>Балалар жұмбақ шешуін таба отырып, ертегі кейіпкерлерін дұрыс шешімін табайық. Дұрыс шешімін сиқырлы қалам арқылы тексерейік.</td><td>-Үлкен, кіші<br>-Қанаты арқылы<br>-Біреу<br>-Екеу<br>-Екі қанаты,<br>-Гүлдерді жақсы көреді.<br><br>Көбелек, гүлдер туралы тақпақтарды айтады.<br><br>Қарама қарсы ұғымдарды айтады.<br><br>Ертегі кейіпкерлерін жұмбақтар арқылы тауып,айтады.</td></tr>
</table>

Scanned by TapScanner

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Қашып кеткен атадан,<br>Қашып кеткен ападан,<br>Орманда кеше жүр едім,<br>Домалап шықты алдымнан<br>Шешуі: (Бауырсақ)<br>Үй жинаған ұқыпты,<br>Бір қыз бопты ертеде<br>Тыңдамаған мысықты<br>Салыпты ғой әлекке<br>(Мақта қыз бен мысық)<br>Кішкене қыз орманға<br>Жалғыз өзі барады.<br>Апасына қартайған<br>Дәмін салып алады<br>(Қызыл телпек)<br>Атай өзі тағы бар,<br>Өзі өсіп қалғанын<br>Ары тартты,бері тартты,<br>Жұла алмады<br>Бұл қай ертегі? (Шалқан)<br>-Жарайсыңдар.<br>Күн: балалар сендер өте ақылды балалар екенсіңдер. Мен сендерге арнап гүлдің,күннің,араның суретін әкелдім.<br>**Сергіту сәті**<br>Үш рет көзімізді жұмайық,<br>Үш рет иығымызды көтерейік,<br>Үш рет басымызды шайқайық,<br>Үш рет оңға-солға еңкейейік,<br>Үш рет орнымызда секірейік,<br>1,2,3 терең тыныс аламыз.<br>Аяқпенен топ-топ басып,<br>Шығармашылық алаңға барамыз<br>1-топ Алдын ала қамырдан мүсінделген күннің бетін сорғышты баяу сары түске малып күннің бетін жоғары-төмен сыза отырып бояймыз.<br>2-топ Қалдық заттардан жасалған гүл сабағына күлтешелерді құрастырамыз.<br>3-топ Араның мүсінін әр түрлі | -Бауырсақ<br><br>-Мақта қыз бен мысық<br><br>-Қызыл телпек<br><br>-Шалқан<br><br>Балаларға суреттерді таратып береді.<br>-Рахмет<br><br>Сергіту сәтін қимылдар арқылы орындайды.<br><br>Күннің бетін сорғышты баяу сары түске малып күннің бетін жоғары-төмен сыза отырып бояйды<br>Гүл сабағына күлтешелерді |

| | | |
|---|---|---|
| | геометриялық пішіндерден түстерін сәйкестендіре құрастырамыз.<br>Жасаған еңбектерін мадақтау.<br>Күн балаларды мадақтап,қоштасады. | құрастырамыз.<br>Араның мүсінін әр түрлі геометриялық пішіндерден түстерін сәйкестендіре құрастырады.<br>-Сау болыңыз, шуғылалы Күн! |
| Жетекеші-жөндеуші | -Балалар ұйымдастырылған оқу іс әрекеті ұнады ма?<br>-Араға нені табуға көмектестіңдер?<br>-Гүлдермен қандай ойын ойнадыңдар?<br>-Ал көбелекпен ше?<br>-Шығармашылық аланда не жасадыңдар? | Сұрақтарға өз ойын айтып жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі қажет:** Ойындар арқылы әр түрлі тапсырмаларды орындайды, тіл ұстарту жаттығуын жасайды, түстерді атайды.

**Қалыптасқан түсініктер**: Қарама-қарсы ұғымдарды ажыратады, дәстүрден тыс сурет салуды, жұмбақтар арқылы ертегі кейіпкерлерін табады.

**Орындаушылық қабілеті:** Шығармашылық, танымдық қабілеті ойлау, есте сақтау қабілеті артады,өз ойларын толық, жүйелі жеткізеді.

Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner